

№ 364-НҚ от 27.07.2026

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№ _____
город Астана

«Qazcontent» акционерлік қоғамының 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, 2025 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшерін бекіту туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы, 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабының 2-тармағына, «Qazcontent» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 05 маусымдағы бетпе-бет отырысының № 2 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2026 жылғы 20 шілдедегі № КГИП-02-КГ/7636 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Qazcontent» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 30 ғимарат, 2 т. е. б., банктік және өзге де деректемелері: БСН: 131040013872, БСК: ККМFKZ2A, ЖСК: KZ98070KK1KS00224004, «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік Қазынашылық комитеті» РММ, КБЕ 17, 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2025 жылғы 21 326 227 (жиырма бір миллион үш жүз жиырма алты мың екі жүз жиырма жеті) теңге 82 тиын мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі айқындалсын:

1) 14 928 359 (он төрт миллион тоғыз жүз жиырма сегіз мың үш жүз елу тоғыз) теңге 47 тиын мөлшеріндегі таза кірісінің 70 (жетпіс) пайызы республикалық бюджет кірісіне дивидендтер төлеуге жіберілсін;

2) 6 397 868 (алты миллион үш жүз тоқсан жеті мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге 35 тиын мөлшеріндегі таза кірісінің 30 (отыз) пайызы Қоғамның иелігінде даму үшін қалдырылсын.

3. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 11 (он бір) теңге 55 тиын болып айқындалсын.

4. Қоғамның Басқарма Төрағасы А.К.Сейфуллин:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті бойынша дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізетін ұйымға электрондық есепті жіберуді қамтамасыз етсін;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушы

Қ. Ысқақов



Подпись канцелярии

28.07.2026 10:10 ТАЙБАСАРОВА РОЗА

Подпись руководителя

28.07.2026 09:43 ЖАРМУХАМБЕТОВ ЕРМЕК